



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (97)

Нұр-Сұлтан
2022



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Антропология

Исмагулов О., Исмагулова А. Казахский народ нового Казахстана – прямой наследник насельников с 50-вековой историей на древней предковой казахской земле 4

Археология

Абишева А.А. Балбалы в составе фонда Национального музея РК 12

Этнография

Жайлыбай Д.Ж. XIX-XX ғғ. қазақ халқының неке және отбасылық дәстүрлеріндегі материалдық емес мәдени мұраның көріністері 21
С.Дж. Атдаев. Тигры в историческом прошлом Туркменистана 32
Камунов С.Р. Б. Сарыбаевтың қазақ аспаптарын жаңғыртудағы еңбегі және ҚР Ұлттық музейіндегі коллекциясына берілген сипаттама 51

Филология

Карипбаев Ж. Абай Құнанбайұлы шығармашылығындағы неоклассикалық нәзира дәстүрі 60
Жалмырза А.А. Тіл үйренуде салт сөздерге жүгіну: мақал-мәтелдерді қолданудың кейбір аспектілері 76

Тарих / История

Ақтайлақ Б.Б. Ақмола жеріндегі қуғын-сүргін тарихынан 84

Бейнелеу өнері / Изобразительное искусство

Танымова Е.А. Творчество казахских художников актуального искусства в контексте мирового культурного наследия 92

Музей ісі / Музейное дело

Гиззатов С.М. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі мен Қытай елі арасындағы мәдени байланыстар 101
Елеусізова Қ.Ж. Ақтөбе облысы өлкетану музейлерінің қазіргі этномәдениетке ықпалы .. 110
Сайлау А., Әубәкір Г. Сыр бойындағы батырлар мұрасы 121

Киелі география / Сакральная география

Кошман Т.В. Культурные объекты оседлой культуры как источник эпохи 129
Төлегенұлы Қ., Кукушкин А.И., Букешова Г. Теңіз-Қорғалжың өңірінің жер-су атаулары: XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы архив құжаттары негізінде 139

CONTENTS

Anthropology

Ismagulov O., Ismagulova A. The kazakh people of new Kazakhstan is a direct successor of the residents with a 50-century history on the ancient anethorial kazakh land 4

Archeology

Abisheva A.A. Balbals as part of the fund of the National museum of the Republic of Kazakhstan 12

Ethnography

Zhaylybay D.Zh. XIX-XX centuries manifestations of non-material cultural heritage in kazakh marriage and family traditions 21
S.J. Atdaev. Tigers in the historical past of Turkmenistan 32
Kamunov S.R. B.Sarybayev's contribution to the modernization of kazakh instruments and description of the collection in the National museum of the Republic of Kazakhstan 51

Philology

Karipbaev Zh. Neoclassical nazira tradition in the work of Abay Kunanbayuly 60

Zhalmyrza A.A. Using paremiology in language learning: some aspects of the use of proverbs 76

History

Aktailak B.B. From the history of repressive policy in Akmola 84

Art

Tanymova Y.A. Creativity of kazakh artists of contemporary art in the context of world cultural heritage 92

Museum business

Gizzatov S.M. Cultural relations between the National museum of the Republic of Kazakhstan and China . 101

Eleusizova K.Zh. Influence of local history museums of Aktobe region on modern ethnoculture 110

Sailau A., Aubakir G. Heritage of the heroes of Syrdarya 121

Sacred geography

Koshman T.V. Cult objects of settled culture as a source of the epoch 129

Tolegenuly K., Kukushkin A.I., Bukeshova G. Place-names of the Tengiz-Korgalzhyyn region: based on archival documents of the end of the 19th and the beginning of the 20th century 139

Карипбаев Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

e-mail: zhanzhargan@mail.ru

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ НЕОКЛАССИКАЛЫҚ НӘЗИРА ДӘСТҮРІ

Абай және Шығыс классиктерінің әдеби, шығармашылық байланыстарын сөз еткенде, нақтылы зерттеу нысанына алынбай келе жатқан күрделі де өзекті тақырыптың бірі – Абай шығармаларындағы Шығыстық белгілердің бір тармағы болған нәзира дәстүрі. Абайтану тарихында бұл жөнінде Мұхтар Әуезов зерттеулерінде ғана сөз болып, пікір сабақталды. Нәзира дәстүрі – ілгеріде жазылған классикалық шығыс әдебиетінде қалыптасқан мәңгілік тақырыптармен байланысты үрдіс. Оның қайнары (каноны) да, жайылып ағатын арнасы (инварианттары) да бар. Ұлы ақын дәстүрлі тақырыпқа шығарма жазудың шығыстық әдісі – нәзира дәстүрін жан-жақты меңгерген, оны қазақ топырағына лайықты етіп белгілі дәрежеде дамыта түскен айрықша өнер иесі. М. Әуезов Абай шығармашылығының үш қайнардан бастау алғанын былай жіктеген: біріншісі, қазақ халқының мол фольклорлық мұрасы; екіншісі, шығыс классикалық әдебиеті; үшіншісі, орыс пен батыс әдебиеттері. Зерттеу мақалада ұлы ақын шығармашылығындағы шығыс классикалық әдебиетінің, оның ішінде нәзира дәстүрінің көрініс табуы жан-жақты сөз болады. Абай шығармаларындағы нәзира дәстүрін ғылыми тұрғыдан жүйелеу – ұлы ақын шығармаларындағы нәзира дәстүрдің түбегейлі зерттелуіне жол ашады деген түйін жасалады.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, шығыс классикалық әдебиеті, нәзира дәстүрі, «Ескендір» поэмасы.

Әр халықтың өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрі, мінезі, әдебі, ақыл-ой өрісі, жасап өткен тарихи жолы болады. Осы қасиеттерінің барлығын бір жерде тоғыстырған жағдайда халықтың шынайы рухани бейнесі көрініп, толық болмысы танылмақ. Халық болмысы – сол халықты құрайтын жұрттың болмысынан, ал жұрттың болмысы жекелеген кісілер болмыстарынан құралады. Кісінің болмысын

жеке дара қасиеттері арқылы пайымдауға болады. Жекелеген кісіні алатын болсақ, ол – пенде, қазақ ұғымында пенде мінсіз болмайды. Былайша айтқанда, орта статистикалық кісі арқылы, біртұтас халық жайлы пікір қалыптастыру аса қиын іс. Алайда, сол халықтың ішінен шыққан жекелеген дара перзентінің ізгілік пен адамгершіліктің үздік үлгісін көрсетіп, өз ұлт дамуына, сана-сезімінің

өсуіне оң ықпал етіп, адамзат құндылықтарын дәріптеп, жұрт деңгейінен ұлт дәрежесіне көтерілуіне ықпал еткен тұлғалары болады. Сол халық, ұлт жайлы, осы перзенті арқылы пайым жасауға әбден болатын сияқты. Әрине, ондай ерен тұлғалар көрсеткен ізгілік пен үздік адамгершілік үлгісі, тек өз ұлтының деңгейімен шектеліп қалмады. Айталық, неміс халқы үшін ондай тұлға – Иоганн Гёте, орыс үшін – Александр Пушкин, француз үшін – Вольтер, қытай үшін – Конфуций сынды ұлы перзенттері атқарғандары белгілі. Олардың сол еңбектерін тек өз жұрты ғана емес, барша әлем жұрты әлдеқайда мойындап, үлгі тұтады. Осы айтылған есімдердің барлығының рухани негізі бекем, үлкен шығармашылық мұра иелері. И. Гёте мен А. Пушкин – ақын-жазушылар, Вольтер мен Конфуций – ойшыл-философтар.

Осы орайда, қазақ халқының алдында сондай ізгілік миссиясын атқара алған перзенті ретінде Абай Құнанбайұлы екендігі еш күмән туғызбайтын жайт. Абайдың ақындығы мен ойшылдығы бірін-бірі толықтырып, ұлт болмысының бөлінбес бөлшегіне айналған құбылыс. Қазақ қандай халық – деген сұраққа ақын тұлғасы мен шығармашылық бейнесі арқылы бек сеніммен жауап беруге болады. Оның айғағын халқымыздың бүгінгі рухани, мәдени, әдеби жетістіктерінен көре аламыз. Абайсыз халқымыздың ұлттық келбетін елестету де қиын, тіпті мүмкін де емес. Оның мұрасы халқымыздың ұлт болып ұйып, ұлыс болып қалыптасуының негізінде жатқан диңгектерінің бірі. Сондықтан Абайды тану, ең алдымен қазақтың рухани болмысын тану, оның жанына үңілу, ойының тұңғиығына бойлау, аса көркем құрылған әдеби шығармашылықпен сусындау, аса биік адамгершілік биігіне көтерілу деп қабылдаймыз.

Абай – ең алдымен ақын, А. Байтұрсынов айтқандай – қазақтың бас ақыны. Оның шығармашылығы классика ретінде әлдеқайда мойындалған. Ал классика дегеніміз заман жаңаруымен қоса жаңғыратын, жаңа қырлары ашылып, маңызы арта түсетін рухани құндылық. Бүгінгі таңда, Абай мұрасын филология, оның ішінде әдебиеттану ғана емес, жалпы гуманитарлық ғылымдардың сан салалары зерттеп жүрген тұғырлы нысаналардың бірегейі. Солардың ішінде, М. Әуезов бастаған әдебиеттану бағытындағы зерттеулердің танытар мәні мен мазмұны

ерекше. Абай мұрасын зерттеу бағытының даму жолы әдеби даму үрдістерімен тығыз байланыста дамуын тауып келе жатқан құбылыс. Сондықтан, ақын мұрасын зерттеу ең алдымен әдеби дамудың, сол арқылы жалпы гуманитарлық бағыттағы зерттеулердің дамуының кепіліне айналуға. Алайда, әдебиеттану, оның ішінде абайтану саласында тереңдете зерттеуді әлі де қажет тұстары, ашылмай жүрген жақтары, шешілмей жүрген түйіндері баршылық. Сондай мәселелердің бірқатары, Абай шығармашылығындағы нәзіралық негізге байланысты болып келуде.

Нәзира дәстүрі ілгеріде жазылған классикалық шығыс әдебиетінде қалыптасқан мәңгілік тақырыптармен байланысты үрдіс. Оның қайнары (каноны) да, жайылып ағатын арнасы (инварианттары) да бар. М. Әуезов Абай шығармашылығы үш қайнардан бастау алғанын былай жіктеген: біріншісі, қазақ халқының мол фольклорлық мұрасы; екіншісі, шығыс классикалық әдебиеті; үшіншісі, орыс пен батыс әдебиеттері (Әуезов, 1997: 164). Сонымен қатар, тәуелсіздік жылдары үшінші арна ретінде жыраулар мұрасы мен оның замандастарының әсерін де қарастыруда (Бейбытова, 1994: 17).

Абай – үлкен әдеби ағымның негізін салушы, үлкен әдеби мектептің іргесін қалаушы. Оның шығармашылық мектебінен Ақылбай мен Мағауия Абайұлдары, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Кәкітай Ысқақұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Әсет Найманбайұлы сынды тікелей шәкірттері шыққан. Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды көрнекті ақын-жазушылар рухани ұстаз тұтып, үлгі алып, жаңа дәуір әдебиетін қалыптастырды.

Абайдың қаламгер ретінде қалыптасу кезеңі шығыс классикалық әдеби мұраларымен тығыз байланысты болған. Осы жайлы ақын:

*Фзули, Шамси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу хаммасы,
Медет бер я шағыриы фарияд!*

(Құнанбайұлы, Т.2., 2005: 59) – деп жазған алғашқы өлеңдерінің бірінде аңғартқан. Осы өлеңде, Абай үлгі тұтқан, әйгілі шайырлар әруақтарынан медет сұрауын ғана емес, сонымен қатар ақындық жолды бек таңдағанын, өмір мұратына айналдырғанын

анық көрсеткен. Әсіресе, осы өлеңдегі Науаи мен Фирдауси есімдерімен оны ұштастыратын арна – «Ескендір» поэмасы.

Абай шығармашылығындағы нәзіралық негіздерге байланысты Ысқақ Дүйсенбиев (Дюсенбиев, 1966: 15), Митрофан Сильченко (Сильченко, 1957: 15), Шамшиябану Сәтбаева, Немат Келімбетов (Келімбетов, 2000: 231), Нығмет Ғабдулин (Қасқабасов, Т.З, 2014: 50-72), Бауыржан Ерденбеков (Костюхин, 1972: 314-319) сынды ғалымдардың зерттеулерінде бірқатар мәселелер қарастырылған. Абайдың өлең мұрасы 226 өлең, 4 поэмадан тұратыны белгілі. Айталық, ақын өлеңдеріндегі нәзіралық негіздері жайлы зерттеулердің ішінде Нығмет Ғабдулинның зерттеуін атап өтуге болады. Оның «Абай нәзірасы» атты көлемді мақаласында, Абайдың А. Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романынан жасалған бірқатар өлеңдер циклын аударма емес нәзіралық негізде жазылған өлеңдер деген М. Әуезов пікірін дәйекті негізде талдаған. Алайда, Абай туындыларын бірқатар зерттеушілер өлең нәзіраға жатқызған болса, бұл пікірлерді мойындай қоймайтын зерттеушілер де бар. Әсіресе, ақынның жекелеген өлеңдерінен көрі, поэмаларындағы нәзіралық негіздерге байланысты мәселелерде біржақты пікір қалыптаспай келеді.

Абайдан «Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» мен «Вадим» атты төрт поэма қалды. Осылардың ішінде ақынның өзге поэмаларынан көрі «Ескендір» поэмасы толық аяқталған туынды болып есептеледі. Сонымен қатар, «Ескендір» толық сақталып қана қоймай, пішіні, идеялық-көркемдік мазмұны жағынан да, осы тақырыптағы туындылардан оқшау тұстары да бар және осы поэма ең көп зерттелген туындыларының біріне жатады. Поэманың ерекшеліктері С. Қасқабасов (Қасқабасов, Т.З, 2014: 15), Е. Костюхин (Костюхин, 1972: 90) сынды ғалымдарға осы поэмасы нәзира емес деген тұжырымдар жасауға да негіз болды.

Ескендір тақырыбындағы туындылардың сюжеті әлем әдебиеті мен фольклорында көп таралған сюжеттердің бірі. Олардың бірқатары шығыс әдебиетінде Ескендірдің Зұлқарнайын есімімен байланысты жырланғаны мәлім. Осы тақырып аясындағы сюжеттер әлем әдебиетінің ұлан-ғайыр географиялық кеңістіктері мен уақыт аралықтары байланып, сюжеттер желісі мен мотивтер шиеленісі жағынан дараланып,

тақырып тұтастығы жағынан шығыс пен батыс әдебиеті мен фольклорын тұтастандыра түсіреді.

Бастапқыда, Ескендір Зұлқарнайын жайлы мифтер семит халықтарының мифологиясында Ибрагим пайғамбардың замандасы, тақуа мұсылман, жарым пайғамбар, әскери қолбасшы, әділ патша – Зұлқарнайын деген есіммен ғана аталып келген. Ол мифтердегі Зұлқарнайынның шын есімі беймәлім, ал Зұлқарнайын оның лақабы делінеді. Миф бойынша Зұлқарнайын дүниенің Батысы мен Шығысын түгел жаулап, мұсылман қылады. Ол Яджуз-Маджуз деген зұлым қауымға қарсы темір мен тастан ірге салғызып, адамзатты зұлматтан құтқарушы әділ патша деп баяндалған (Али-заде, 2007: 239-241). Осы миф сюжеті Құран-Кәрімнің «Үңгір» атты 18-сүресінің 83-102-аяттарында әділ, әрі тақуа патша, адамзатты Яджуз бен Маджуз тайпаларының зұлматынан құтқарған Зұлқарнайын атты патша туралы айтылады (Құран Кәрім, 18 с., 83-102 а.). Сонымен қатар, осы жайлы араб тарихшысы Табаридың «Тарих-и Табари» кітабында мәңгі өмір сүру «Әбіхаят» қайнарынан су ішу үшін, Қызыр мен Илияс достарымен бірге зұлматқа түскен Зұлқарнайын туралы да миф бар. Онда Қызыр Зұлқарнайынның бөлесі болғаны да айтылады. Байқап отырсаңыз ілгергі мифтер ешқандай да Ескендір деген есімді еске алмайды.

Шиға (шиит) ағымындағы Құран тәпсіршілері Зұлқарнайынды – Парсының Кир немесе парсыша Қуруш патшасы дейді (Қожамқұлұли-бек Балхи, 2017). Сонымен қатар Кир есімі Інжілде он бір рет аталады екен. Айталық, Інжілдің сеноттық аудармасының Езра тарауының бірінші кітабының бірінші тараушасында, Парсының Кир патшасы ісрәил (израиль) халқын Бабыл (Вавилон) тұтқынынан азат қылып, ата жұртына қайтарып, Құдай қалауындағы үйді (ғибадатхананы) салуға рұқсат еткені баяндалған. Ал Інжілдің Бірінші Маккавей кітабының бірінші тарауында Дарийді жеңген македондық Филипп патшаның Ескендір деген ұлы Мидия мен Парсының патшасы болғаны туралы айтылады (Библия, 1907).

Сонымен қатар, Тауратта да Парсының Кир патшасы Құдайдың жіберген құтқарушысы ретінде айтылады. Сонымен қатар, С. Қасқабасов Зұлқарнайын жайлы

мифтердің бастапқы қайнар көзі ретінде Талмуд кітабын атай келе, Абайдың Ескендір поэмасының сюжеті содан алынғанын айтқан (Қасқабасов, 2002: 171).

Әлем әдебиеті мен фольклорында Ескендір Зұлқарнайынның прототипі ретінде македондық Ескендір қабылданып келуде. Осы бағыттағы ұстанымға байланысты зерттеуші Е. Костюхинның «Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции» атты еңбегі белгілі. Е. Костюхин зерттеуінде көптеген фольклорлық және әдеби туындылар қатарында шығыс классикалық әдебиетінің Фирдоуси, Низами, Әмір Хусроу, Жами, Науаи, Абай сынды көрнекті шайырлар жырлаған «Ескендір» нұсқаларын қарастырған. Оның зерттеуінде шайырлар шығармашылығы біршама сыни көзбен қаралып, оларда жаңғырушылық (ренессанстық) рух болғанын, ортағасырлық шығыста діни керітартпалықтың бұғауынан шыға алмағанын, жалпы ешқандай да шығыс ренессансы болмағанын дәлелдеумен айналысқандай болып көрінеді (Костюхин, 1972: 62-63). Соған қарамастан, зерттеуші шығыс шайырларының Ескендір тақырыбында жазған туындыларының әдеби ерекшеліктері мен идеялық негіздерін талдай келе, туындылардың көркемдік дәрежесін сөзсіз мойындайды. Е. Костюхин еңбегінің соңғы тарауларын Абайдың поэмасын талдауға арнаған. Онда ол Абай поэмасы нәзира деген М. Әуезов, М. Сильченко, Ы. Дүйсенбиев сынды ғалымдар пікірімен келіспейді (Костюхин, 1972: 91). Ол поэманы нәзира деп мойындалуы үшін оның сюжетінің сұлбасы да, қалыпты көркемдік әдістері де, тіпті кейіпкердің идеялық бейнесі де Фирдауси, Низами, Жами мен Науаи нұсқаларымен қабыспайтынын уәж етіп, ілгергі пікірлерді жоққа шығарады. Сонда Е. Костюхин: «Орта Азиядағы жаңадан туып келе жатқан Шығыстағы ұлттық әдебиеттерінің ішінен, тек қазақтарда ғана Ескендір қайта пайда болады. Бірақ, Абай поэмасы нәзира емес, ол өшіп бара жатқан ортағасырлық дәстүрдің жалғасы да емес» (Костюхин, 1972: 100), – деп қорытындылайды. Заманында, Е. Костюхин зерттеуі Абай шығармашылығында нәзиралық дәстүр нышандары бар деген пікірлерді кері қайтарғанымен, М. Әуезов ұстанымдарын тіпті жоққа шығара алмады. Е. Костюхин нәзира дәстүріндегі әдебиетпен қоса дамитын сабақтастық, жаңартушылық

пен жаңғыртушылық сипаттарын мүлдем ескермейді. Низамиден бастау алатын «Ескендір нама» қатарындағы туындылар нәзира екендігі туралы мүлдем сөз қозғамайды. Керісінше, ол нәзира – сюжеттерді жалаң қайталаушылық, феодалдық ескілікті дәріптейтін кертартпа дәстүр деген пікірді ұстанғанға ұқсайды. Бұны сол зерттеуінде, Э. Бертельске жасаған цитатадан да анық байқауға болады. Онда шығыс әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің көркем-эстетикалық негіздерін жоғары бағалаған Э. Бертельстің еңбегінен, тек өз пікірін құптайтын мысал келтіруінен де анық байқауға болады (Костюхин, 1972: 92). Сонымен қатар, Абайдың жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушы ретінде, ең алдымен оның шығыс ақыны екендігі мен шығыс әдеби дәстүрінің жалғастырушысы ретіндегі сабақтастығына тіпті ешқандай мән бермейді.

Алайда, М. Әуезов, М. Сильченко, Ы. Дүйсенбиев, З. Ахметов, М. Базарбаев, Ш. Сәтбаева, М. Мырзабеков, Н. Келімбетов, С. Қасқабасов сынды бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде, Абай шығармашылығының өзегінде шығыстық дүниетаным мен дәстүрдің сабақтастығы жатқаны қарастырылған. Айталық, Абай, Ахмет Риза медреседе Құран-Қәрімді арабша түпнұсқасынан оқуды ғана үйреніп қоймай, оны біршама түсініп, тәпсірлей де алғаны «Қара сөздері» мен бірқатар өлеңдерінен байқалады. Медреседе, «дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқитыны – шығыс ақындары. Одан соң араб, парсы, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қисса сияқты әдеби мұралары» – дейді М. Әуезов (Әуезов, 1997: 33). Абай есейген шағында да, шығыс әдеби мұраларынан қол үзбеген. Ол «Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көроғлы сұлтан» сияқты дастандарды өз ортасында әңгімелеп беру арқылы көркем тәрбие құралына айналдырған (Әуезов, 1997: 50).

Осы орайда, Абай мұрасын зерттеу, оның негізінде жатқан арналардың арасындағы қарым-қатынастарды зерделеу ғана емес, сонымен қатар жекелеген ұлттық әдебиеттердің қалыптасуы мен өркендеуі

кезеңінің қалай болғанын да бағамдау. Әсіресе, оны бір әдеби кейіпкер трансформациясында қарастырып көру тіпті қызық көрінеді. Айталық, зерттеу нысанына алынған Ескендір бейнесін қазақ әдебиетінде Абаймен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген Ыбырай Алтынсарин, Ақыт Үлімжіұлы, Маңғыстау Тыныштықұлы, Миртазы Мұстафаұлы, Мағжан Жұмабаев сынды ақындар жырлағаны белгілі. Әр ақын, бір тақырып аясында біріне екіншісі ұқсай қоймайтын дара туындылар жазған. Олардың әрқайсының жанрлары да, жырлау пішіндері де, сюжеттер желілері де, әртүрлі болып келеді.

Қазақтың көрнекті ғалымы, академик Сейіт Қасқабасовтың қазақтың аңыздық прозасына арналған зерттеуінде, Ескендір Зұлқарнайын бейнесіне арналған тұсы бар. Ол қазақ фольклоры мен әдебиетіндегі Ескендір туралы аңыздық сарындарды үш топқа бөледі.

Бірінші тобы, Рағбузидың «Қисса-сұл Әнбия» туындысынан өрбіген мәңгі өмір іздеген Ескендір туралы баяндалады.

Екінші топ, өз атына тағы екі топқа тармақталады: біріншісі «Қисса-сұл Әнбиядағы» жай «қос мүйізді» Ескендір Зұлқарнайын ғана емес, ол жарық пен қараңғылықтың, осы дүние мен о дүниенің әміршісі ретінде айтылса; екіншісі, парсының «Құдай намасында», Балами мен Табари, Фирдоуси мен Низами еңбектерінде айтылатын «Қос мүйізді» жайлы баяндар.

Үшінші топ, Зұлқарнайын патшаның бас сүйек сынығын таразыға салып салмақтағанда, сынықтың дүниедегі барлық байлықтарды басып кетіп, тек бір шөкім топыраққа басылып кетіп, оның тәубаға келуі туралы Талмудта баяндалатын сюжет.

Осы жүйелеу бойынша, С. Қасқабасов Абайдың «Ескендір» поэмасын үшінші топқа жатқызып, Талмуд сюжетімен байланыстырған. Сонымен қатар, С. Қасқабасов поэманың сюжеті, орыс ақыны В. Жуковскийдің «Две повести. Подарок на новый год издателю «Москвитянина» деген өлеңінен алынғанын да анықтап берген (Кұнанбайұлы, Т.2., 2005: 130). Абай поэмасы мынадай шумақтармен басталады:

*Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары – оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.*

*Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады онды-солды
(Кұнанбайұлы, Т.2., 2005: 130), –*

деген алғашқы екі шумақтарда-ақ, Ескендір бейнесін жағымсыз жағынан кейіптеген. Абай поэманы ілгері өткен шығыстың шайырларымен батыс ақын-жазушылары сомдаған Ескендір бейнесіне байланысты қалыптасқан стереотиптерге қарсы антитеза негізінде жазып, қарсы пікір білдірген. Ол македондық Ескендір тарихи тұлғасын қарастырғанын поэманың алғашқы екі шумағында айтады. Мұнда Абай өз заманында орнықтыра бастаған реалистік әдебиеттің де ықпалы басым. Тақырып жағынан, Абай шығыста ескіден жырланған Ескендір патша бейнесін қайта жырлап отыр. Жалпы Шығыс әдебиетінде, «мен ақынмын» деген әйгілі шайырларының ешқайсы Ескендір тақырыбын айналып өтпегені байқалады. Фирдоусиден кейін, Низами Ганжауи, Әмір Хұсروی, Әбдуррахман Жами, Әлішер Науаи төртеуі Ескендір тақырыбын Хамсаларына қосып жырлаған болса, Ахмеди сынды шайырлар осы тақырыпқа дара дастандар жазған. Сондықтан, Абайдың осы тақырыпты айналып өтуі мүмкін еместей көрінеді. Абайда осы тақырыпқа деген шығыста қалыптасқан құрмет бар, алайда қаһарманға деген көзқарас мүлдем басқа. Абай сөзуарлыққа салынбай осы тақырыпты барынша жинақы беруге тырысады. Шынында да, тарихтағы Ескендір – Македондық Филипп патшаның баласы. Ол әкесі өлген соң 21 жасында таққа отырғаны, бүгінде баршаға аян жайт. Алайда, Абай заманында, қазақ арасындағы Ескендір туралы түсініктер С. Қасқабасов көрсеткен негіздер төңірегінде болғанын ескерсек, сол заман үшін бұл жаңалық еді. Абайдың, осы екі шумақ арқылы кейіптеген Ескендірі, оның жасынан қанып оқыған Фирдоуси, Жами, Науаи сынды шығыс шайырларының Ескендірді жырлаудағы «туу» мотиві мен көркем бейнесін кейіптеу үрдісіне бір жағы қарсы пікір болса, екінші жағынан Ескендір туралы жаңа пікірді де қалыптастыруы деп те түсінуге болады. Оның Низами нұсқасымен таныстығы да күмән туғыза қоймайды. Осы орайда, Абай поэмасын Ескендір тақырыбына жырлаған Фирдоуси, Низами мен Науаи сынды шығыс шайырлары

мен орыс ақыны В. Жуковский нұсқаларының арасындағы ұқсастықтарын, даралықтары мен айырмашылықтарын саралап көрсек.

«Ескендір» поэмасын шартты түрде үш бөлімге бөлуге болады. Олар поэма фабуласы бойынша, мынандай ретпен келеді:

Алғашқы – кіріспе бөлімі, жоғарыда келтірілген екі шумақтан басталып, бас-аяғы сегіз шумақтан тұратын өлең жолдарын құрайды. Мұнда, македондық Ескендірдің тарихи тұлға ретіндегі шығу тегі, қанды жорықтары сипатталады. Ескендірдің өзіне қиян-кескі қарсылық көрсеткен көне Тир мен Газа қалаларының тұрғындарын түк қалдырмай қырғаны, оның жауыздығын айқындайтын тарихи жайт. Абай мұны XIX ғасырда орыс деректерінен біліп, оның жауыз бейнесін айна қатесіз сомдаған.

Екінші бөлім, тоғызыншы шумағынан бастап былай өрбиді:

*Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,
Алып жүрген суының бәрін ішті.
Адам, хайуан бәрі де бірдей шөлдеп,
Басына құдай салды қиын істі*
(Кұнанбайұлы, Т.2., 2005: 131).

Осы шумақтан бастап, поэманың отыз екінші шумағына дейін Талмуд пен В. Жуковский өлеңінің сюжетімен поэма желісі ұқсас болып келіп, тек детальдерінде айырмашылықтар аңғарылады. Мұнда сары даланы кезе қатты шөлге ұшыраған әскер, ақыры ерекше қасиеті бар арықтан аққан мөлдір бұлақ суына кездестіреді. Шөл қандырған әскеріне, Ескендір:

*Бір бай елден осы су шыққан шығар,
Өрлеп барып, үстіне тігелік ту*
(Кұнанбайұлы, Т.2., 2005: 131), –

деп, су бойын өрлей жылжыған әскері бір шатқа кіреді, ал шаттың аузын алтын қорғанмен бекіткен екен. Оның есігін ашу еш мүмкін болмай, шамасы келмеген патша әлгі қақпаны қағып, ашыңдар деп үн қатады, алайда қақпа ішінен патшаға қамал күзетшісі мынандай жауап береді:

*Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,
Мықты болсаң, өзіңнің нәпсіңді жең!
Іші тар, көре алмастың біреуі – сен,
Ондай кісі бұл жерге келмейді тең*
(Кұнанбайұлы, Т.2., 2005: 132), –

деп, жауап береді. Шарасыз Ескендір күзетшіден ең болмағанда бір белгі болар зат беруін сұрап, дегеніне орай орамал түйіндісін

алады. Қосына оралған соң, ол түйінді ішінен бір ағарған сүйек қана тауып, ызадан сүйекті шиырып жібергенін көрген Аристотель ұстазы, оның мәнісін түсіндіреді. Ол сүйек бастың көз сүйегі екенін айтып, сүйекті таразыға салғызып, екінші жағына өзінде бар барлық байлығын салғызады. Алайда қанша дүние салғызса да, олардың барлығын сүйек басып кете береді, соңында ол сүйек салған таразы табағына бір шөкім топырақты салған кезде ғана ол сүйекті дүние басып кетеді. Мұның мәнісі, адам көзі тек қабір топырағына ғана тоятыны деп түсіндіреді. Осы кереметтен соң Ескендір райынан қайтып, әскерімен еліне оралады.

Поэманың үшінші бөлімі, эпилог ретінде:
*Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме,
Мұны бір өзге сөздің бірі де ме*
(Кұнанбайұлы, Т.2., 2005: 134), –

деп, отыз тоғызыншы жолынан авторлық позицияны айқындайтын төрт шумақтан құралып, бас-аяғы қырық екі шумақтан тұратын поэма осылай аяқталады. Соңғы шумақ жолдары нақылдық негізде жазылып, поэма сюжеті дидактикалық оймен түйінделеді.

Абай поэмасының Фирдоусидің «Шаһнама» дастанымен тоғысатын жері – екеуінің де македондық Ескендірді жырлауы. «Шаһнама» Шығыс әдебиетінде Ескендір бейнесін тұңғыш жырлаған туынды. Фирдоуси арқылы Ескендір – тарихи тұлғадан шығыста көп жырланатын әдеби қаһарманға айналды. Фирдоуси Ескендірі біздің дәуірімізге дейінгі аралықта Иранды билеген Ахеменидтер әулетінің мұрагер патшаларының бірі ретінде қарастырылған. Өзінің ғажайып туындысы арқылы Фирдоуси, кейінгі дәуірлердің ақын-жазушыларына нәзира дәстүрінің негізінде жырлау үшін аса қызықты шығармашылық арна ашып беріп, үлкен әдеби процестің бастауынан орын алды. «Шаһнамеде» Иран тарихы көркемдік негізде баяндалып қана қоймай, сонымен қатар шынайы Зұлқарнайын кім деген сұраққа да жауап берудің бір қадамы жасалды. Фирдоусиден кейін семит мифтерінде, Құран-Кәрімдегі Зұлқарнайын патша мен парсы эпосының қаһарманы македондық Ескендір екеуінің есімдері көркем трансформацияға ұшырап, кейінгі жұрт Ескендір Зұлқарнайын ретінде қабылдай бастайды.

Фирдоуси бойынша, Иран патшасы Дараб (Дарий) Рум патшасы Файлакустың

жалғыз қызы Нахидке үйленеді. Алайда, олардың некелері ұзаққа созылмай, Дараб қалыңдығын еліне қайтарады. Осы некеден Нахид жүкті болып қайтқанын Дараб білмей қалады. Айы-күні толғанда Нахид ұл туып, оның атын Ескендір қояды. Мұрагер болатын ұл бала тілеп жүрген Файлакус Ескендірді бауырына салып, ұлым һәм мұрагерім туды деп жария етеді. Файлакус дүниеден өткен соң, ержеткен Ескендір Рум тағына отырады. Ол әйгілі қолбасшыға айналып, Дарабтың ұлы Дараны жеңіп, Иран тағына ие болады. Мұнда, Ескендір Дарабтың баласы екенін білмесе де, таққа оның ұлдарының бірі ретінде мұрагерлік қылады. Бұл жердегі ұқсастық астарында алшақтықтар да бар. Фирдоуси парсы ретінде Иран тарихын жазуына байланысты, оның тағын парсы әулетінен шықпаған басқа біреудің иеленуі мүлдем мүмкін еместей көрінген. Ескендір бейнесіне байланысты Фирдоуси мен Абайдың айырылатын жері де осы. Абай оны македондық Филипптың өзінің баласы деп, Фирдоуси пікірін құптай қоймайды.

Шаһнамеде Ескендір есімі «Қос мүйізді» деген тіркеспен қолданбаса да, Зұлқарнайынға қатысты аңыздардың бөлінбес бөлшегіне айналған «өлмес суды іздеуі», «Яджүз бен Мәджүзге қарсы қамал ірге тұрғызуы», «оның өмірінің қысқа болуы туралы сәуегейліктердің айтылуы» сынды сюжеттер баяндалған. Абай мен Фирдоуси бейбітсүйгіштік идеясы жағынан да тоғысқанымен, Зұлқарнайынға байланысты аңыздардың туынды сюжетіне өрілуі жағынан екі айырылады.

Ескендір бейнесінің көркемдік тұрғыда айрықша жандануы, оның түркі халықтарының топырағында жырлана басталуымен сан-алуан қыры ашылып, әртүрлі құбылулар мен құлпыруларға ұласады. Оның себебі, ортағасырларда қалыптасқан нәзира дәстүрімен байланысты болды. Нәзираға сай тақырып қайта жырланып қана қоймай, шайырлар осы тақырып аясында өзара шығармашылық сайысқа түсті. Ескендір бейнелері мен сюжеттерінің нәзирасы заман талабы мен мәдени-географиялық ерекшеліктеріне орай қалыптасқан көзқарастар мен авторлық позициялардың галереясынан құралады.

Ескендір бейнесінің түркі халықтарының әдеби кеңістігіне орнығуы Низами есімімен байланысты. Ол бастаған «Хамса» – «Бестік» дәстүрі нәзиралық негізде дамуын тапты.

Низами Хамсасының ішінде «Ескендір нама» дастаны ерекше құрметке ие. Бұл дастан оның ең көлемді туындысы, «Шараф-наме» мен «Икбал-наме» деген екі бөлімнен тұрады.

Низами дастанында Ескендір, Жақып пайғамбардың баласы Ысқақтың шөбересі болып келеді. Қарап отырсаңыз оның шығу тегі де, діні де мұсылман. Туынды парсы тілінде жазылғанымен, мұнда жауыз әрі ашкөз парсы патшасы Дарийді жеңіп, әділетті орнатқан Ескендір патша туралы баяндалады. Фирдоуси сомдаған Ескендірден көрі, Низами Ескендірі Филикустың туған ұлы және парсы әулетімен ешқандай туыстығы жоқ. Оның ұстаздары Никуманджис пен Аристотель болған. Ол жаратылысынан адамзатта жоқ орасан күш пен көреген даналықтың иесі. Соғыстарындағы дұшпандарын әскерінің санымен емес, асқан ақыл, әккі айлакерлік, дәлдікпен құрылған есептің арқасында жеңіп отырады. Айталық, Ескендірдің Мысырға жасаған бірінші жорығы, оның соғысқұмарлығынан емес, Мысыр халқын Зинджа әулетінің езгісі мен тираниясынан босатуын сұраған өтінішінен кейін басталады. Ал оның ең ірі Дариймен болған соғысы әлем халықтарының тағдырларын әділетсіз ұйғарып отырған Иран жұртын тарих сахнасынан ығыстыруымен ұласады. Низамидің дастаны өз заманы үшін өзекті туынды. Дастандағы баяндау Дарийге жазылған хаттардан басталады. Онда Рүстем, Кей Құбад, Кей Хұсроу сынды «Шаһнама» қаһармандарының есімдерін жіпке тізілген әшекей іспетті туынды бойына әдемі реминисценция қылып кестелеген. Ескендір көне Иранның ескілік ғұрпы мен отқа табынушылық дінін жойып, жаңа дүниенің тәртібін орнатады. Бір қызығы, Зұлқарнайын жорықтары мен соғыс шайқастары түркілік эпостарға тән шынайы тартымдылықпен суреттелгені сонша, оқырман қиялын еліктіріп әкетіп шайқас алаңында жүргендей әсерге бөлейді. Кейде, Ескендір юнандық (грек) емес, түркі батырының бірі ма дегендей халге түсіреді. Туындыда әскердің дүлей күшінен көрі, рухани қуат-күштерінің басымдылығы дәріптеледі. Айталық, жорықтарының бірінде әскерінің басып алуға күші жетпеген шатқалдағы бір қамалды, сол өңірде өмір сүретін тауа әулиенің батасын алған соң бағындырған оқиғасынан аңғаруға болады. Шайқастар географиясы сол заманда түркі жұрты мекендеген барлық аймақтарды қамтыды.

Ескендірдің Үндістан мен Қытайды бағындырудағы таңдаған негізгі қаруы дипломатия болады. Сонымен ол әлемді бағындырады. Қазіргі тілмен айтқанда, бүгінгі адамзат қол жеткізген жаһандану сол заманда-ақ қарастырылған. Бірақ дастандағы жаһандану, әр ұлыстың даралығын сақтай отырып жүзеге асырылады. Бұны, Ескендірдің қыпшақ даласына жасаған жорығынан аңғаруға болады. Ол жорығы соғыстық сипаттан көрі, дүниені көру, сырын білу мақсатында жасалған жиһанкездік негізде жасалады. Дипломатиялық жетістіктердің нәтижесіндегі көп ел Ескендір төңірегінде ынтымақтасып, тек орыстар ғана бағынбай, тек үлкен шығындарға ұласқан соғыстың нәтижесінде бағынады. Одан әрі Ескендірдің құлақтары мен «Қосмүйізді» мағынасын Шығыс пен Батыстың әміршісі деп түсіндіретін бөлімдермен жалғасады.

Екінші тарауы – «Икбал-наме», Ескендірдің Архимед, Аристотель, Платон, Сократ, Хормуз және данышпан қойшы-пайғамбармен болған әртүрлі тақырыптарды қаузайттын аңыздар мен нақылдардың жинағы ретінде берілген. Былайша айтқанда, екінші тарау даналық кітабы іспетті туынды.

Низами мен Фирдоуси өмір сүрген орта ғасырларда, діни сана дүниені танудың негізгі жолы болды. Егер, Фирдоуси туындысында Ескендірдің діни көзқарастары жайлы ештеңе айтылмаған болса, Низамиде ол туғанынан мұсылман, оның соғыстарының көпшілігі дінсіздерге қарсы жүргізіліп, қаһарман һәрекеттерінде дінді тарату мотиві басым болып келеді. Онда, Ескендір жаулаған халықтар хақ дінге кіргізіледі. Сонымен қатар, Низами үнемі өз туындысында кейде кекесін, ал кей тұстарында ол айтты-мыс деп, есімі беймәлім бір диқанмен үнемі айтысып немесе сөзін құптап келісіп отырады. Оның «диқан» деген лақабының астарында Фирдоусиді – парсыдан шыққан кісіні айтып, сонымен үнемі диалог жүргізгені байқалады. Бұл әсіресе, туу мотивін баян еткенде анық көрінеді. Абай поэмасында Ескендірдің діни ұстанымына келген кезде, Низамиден көрі, ол Фирдоуси сияқты Ескендірдің діни ұстанымына еш мән бермейді. Бұны Абайдың тарихи Ескендірдің дін ұстанбағанын жақсы білгендігінен деп топшылауымыз керек. Абай поэмасында тек әдебиетте қалыптасқан қаһарманының бейнесіне ғана қарсы пікір білдіріліп қоймайды,

жалпы тарихта қалыптасқан «Ұлы Ескендір» бейнесінің астарында, ар-ұяттан жұрдай, ашкөз жаулаушы ғана тұрғаны айқара ашық әшкереленеді. Автор, оның «ұлы жорықтары» мен «ұлы жеңістерінің» негізінде, зорлық пен зомбылық, жазықсыз жұрттың қанын төгіп, жаппай кісі өлтіру ісімен байланысты болғанын аңғартқысы келгендей. Абай, өз биігінен соны көре білді және өзге жұртқа да соны көрсете білді. Абай үшін, әр мақтан сүйгіш құлқынының құлы пейішке лайықсыз пенденің бірі ғана. Сонымен қатар пейішке лайықты кісі қандай болмау керек деген сауалдың да жауабын береді.

Ы. Дүйсенбиев пен М. Сильченконың зерттеулерінде Абайдың поэмасы, Низамидің «Ескендір-нама» дастанына жасалған нәзира деген салмақты пікірлердің негізінде дастан мен поэма сюжеттеріндегі айтарлықтай ұқсастықтары жатыр. Абай поэмасының екінші негізгі бөлімінен бастап дастанның «Өлмес суды іздеу» сюжетімен келесі ұқсастықтары бар:

Бірінші ұқсастығы, Низами мен Абайдың кейіпкерінің су іздеуінен байқалады. Дастанда Ескендір өлместің қасиетті суын іздесе, сусыраған әскер шөл қандыратын суды іздейді. Дастан желісі бойынша Ескендір әскерімен түнек әлеміне кіріп, жол барлап, алдын ала суды тауып алуы үшін Қызырды аттандырады. Түнек әлемінен суды іздеген Қызыр, судың күндей жарқыраған жарқылынан табады. Содан кейін, оны ауыз тигенінде су ғайып болады. Ескендірдің алдында қапы қалғанын білген Қызыр, енді бұл суды қайта таба алмасын біліп, көзіне көрінбестен ол жерден кетіп қалады. Сол баянын, Низами араб аңызында Қызыр жалғыз емес еді, оның қасында Ілияс та болған деп жалғастырады. Олар бір мөлдіреген судың жанына тоқтап, ат шалдырып, суынан ішіп, тамақтанып алмақшы болады. Сол жерде кепкен балықтарын алып шығып, оны суға салып жуғанында, кепкен балық тіріліп кетеді. Олар осы судың жай су емесін көріп, ішкен соң мәңгі өмір сүретін болыпты дейді.

Бір қарағанда сюжеттің шешуші деталінде ұқсастықтар болғанымен идеялық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылықтар бар. Поэмада су іздеу мотиві шөл қандыру мақсатын көздесе, дастанда мәңгі өмір сүруді мақсат тұтады. Ал, поэмадағы бас сүйек пен керемет тастың символикалық мағынасы пенденің ажалды

екенін көрсетіп, сол арқылы оның тәубесіне келтіруді көздейді. Низами де, В. Жуковский өлеңіндегідей Ескендір, тас хикметінен ешқандай тағылым алмайды. Керісінше, патша думанын одан әрі жалғастырып, одан әрі өлместің қаласына аттанады. Низами қаһарманы – өз заманының түсінік өресінен қарайтын болсаңыз «идеалды әділетті патша» бейнесін сомдаған. Қоғамның барлық мәселелерін шешу тек әділетті патшаның ғана қолынан келеді деген ойдан туындаған идея.

Низами дастанында ғылыми-техникалық өнертапқыштықтары туралы әңгімелер айтылады. Онда Ескендір айнаны, астролыбиді (күн сағат) ойлап тауып, ғалымдарға, суретшілерге, музыканттарға қамқорлық жасағаны айтылады. Осы жағынан алғанда Низами сомдаған бейнеге жақын бейнені Науаи дастанынан көруге болады. Науаиде де, Ескендір астролыби мен айнаны ойлап табады, ал мұндағы айнасы жай ғана айна емес, біріншісі жаһандүниеде не болып жатқанын көрсетсе, екіншісі барша он сегіз мың ғаламда не болып жатқанын көрсететін болған. Сонымен қатар, Ескендір алғашқы жарылғыш заттарды ойлап тауып, су астына сүнгітін батискафты да ойлап тауып, мұхит тұңғығына да сүнгиді.

Мір Әлішер Науаи түркі тілінде, Низами Хамсасына бірінші жазылған нәзіраның авторы. Низами жалпы Хамса атаулының парсы тілінде жазылған тұңғыш авторы болса, Науаи түркі тіліндегі тұңғыш Хамсаның авторы. Ескендір тақырыбы Науаиде негізгі сюжет желісіне қатысы жоқ, жанама оқиғалар мен тарихи әңгімелермен көмкерілген ғибраттық негізде құрылған туынды. Хамса желісіндегі Ескендірге арналған дастанының атауы «Соди Искандари», яғни «Ескендір қорғаны» деп аталады.

Науаи өзінің осы туындысын жазуға кірісер алдында бас қаһарманның шығу тегіне байланысты қолы жеткен барлық деректерді оқып шығып, ұстазы Жами айтқандай Ескендір Файлакустың (Филипптің) баласы деген пікірді құптайды. Осы жағынан Науаи мен Абай пікірлерінің үндестігі аңғарылады.

Науаи сомдаған Ескендір зор адамгершілік пен парасат иесі. Ол өз өмірінің жетекші мотивіне қоғам мен мемлекет ісін әділетті орнатуды ту етеді. Өзінен ілгергі шайырлардан көрі, Науаи қаһарманының жеке басындағы қасиеттерді асқақтата сипаттауда ұстамдылық

танытады. Оның туындысы жинақы құрылып, ілгергі шайырлар сынды сюжет бойына қаптап келетін сөзуарлық пен шынайы болмыстан ауытқушылықтан қашады. Оның туындысында кеңістік қана емес, уақыт өлшемі де бар. Алғашқысында қолбасшы патшаның, одан пайғамбар патшаның өмірі қысқа болатынын сәуегей тілімен айтады. Үндістан мен Қытайды ол Низами сияқты дипломатия жолымен бағындырады. Науаи Ескендірі Қосмүйізді емес, оған Зұлқарнайын тіркесі мүлдем қолданылмайды. Ол өлместің суын немесе жалпы өлімге қарсы әурешілікке мүлдем салынбайды.

Абай өзінің «Әлифби» өлеңін Науаиге еліктеп жазғаны белгілі. Сонымен қатар, оның жалпы шығармашылығында Науаи идеяларының ықпалы анық аңғарылады. Айталық, Науаидің Ескендір дастаны ілгергі шайырлар туындыларынан әлдеқайда реалистік негізге жақын келеді. Онда, Ескендірдің ұстазы һәм ақылшысы ретінде тек Арасту, яғни Аристотель көрсетіледі. Қызыр мен Илияс, Науаи дастанында кейіпкерлер емес тек жер мен суда медет етуші аруақтар ғана. Науаи орта ғасыр шайыры болғандықтан, Ескендір бейнесін сомдауда, заманының стереотиптерінен аттап өте алмағаны да түсінікті. Алайда, оның туындысында Ескендір өлместің суын іздеп, мәңгі өмір сүруге ұмтылады. Науаи қаһарманы ондай бос әурешілікке салынбай, қамшының сабындай ғана ғұмырын барынша мағыналы сүруге тырысады. Жас Абай, Науаи өлеңінің пішініне шығармашылық ізденіс ретінде қызығушылық танытса, есейген Абай оның рухани тағылымын жалғастырып одан әрі дамыта білді. Науаи өзінің миссиясын жалпы түркі жұрты алдында атқарған болса, Абай өзінің ізгілік миссиясын қазақ халқының алдында атқару керегін жақсы түсінді. Совет кезеңінен Науаиды өзбек әдебиетінің негізін қалаушы ақын-жазушы ретінде меншіктеп алғаны белгілі. Алайда, Науаи барша түркі жұртына ортақ тұлға. Себебі, ол тұста түркі жұрты жекелеген ұлттарға бөлінбеген кезеңде өмір сүрді. Ал географиялық тұрғыдан алатын болса, оның өмір сүрген және жерленген жері Герат қаласы, бүгінгі Ауғанстан аймағында орналасқан. Ұлттық та, географиялық тұрғылардан Науаиды өзбек дей алмаймыз. Ақиқатында, Науаи барша түркі жұртына ортақ тұлға. Оның



мұрасы, барлық түркі жұртына ортақ мұра. Бүгінгі қазақ әдебиетінің тарихында Науаи есімі тек Бабур өмірбаянымен жанама негізде, басқа зерттеулерде Абай сынды ақындардың шығармашылығына әсер еткенін қозғағанда ғана аталуда. Науаидің қазақ әдебиетіне басқа ешқандай қатысы жоқ сияқты. Осындай біржақты көзқарастар астарында советтік шығыстануда қалыптасқан ұстанымдардан арыла алмау салдары жатқандай. Осындай мәселелерді тарихи тұрғыдан қайта қарастырмаудан шығар. Бүгінгі күні, қазақ әдебиетінің тарихында кеткен олқылықтардың орнын толтырып, бірқатар түркі дүниесін ортақ есімдермен толықтыруды талап етеді. Мір Әлішер Науаимен қатар Мұхаммед Шайбани хан сынды көптеген көрнекті түркі шайырларының есімдері қазақ әдебиетінің тарихы пәтінінің тарапынан зерттеліп, зерделеніп, тиісті бағасын алып, ұлт әдебиеті тарихынан тиісті орнын беру болашақ әдебиеттанудың міндеттерінің бірі болуы керек.

Жалпы түркілік кезеңнен көрі, ұлттық әдебиеттердің қалыптасу кезеңіне келсек, дәстүр сабақтастығымен қатар, айтарлықтай айырмашылықтар да байқалады. Әдебиет дамуындағы осы трансформациялар шығыс әдебиетінде ежелден жырланған Ескендір тақырыбындағы бас қаһарман бейнесінің сомдалуынан анық көрінеді. Егер араб мифіндегі жарым пайғамбар, қолбасшы-патша Зұлқарнайын, парсы топырағына келгенде көлемді дастанға айналып, македондық Ескендір есімімен байланыстырыла жырлана бастады. Дастандардың бірқатары Иранның билеуші әулеттерімен байланыстырылған болса, түркі топырағына келгенде Ескендір бейнесі қарапайым пенде, ажалды қолбасшы-патшалардың бірі ретінде суреттеледі. Оны қазақ әдебиетінде Абаймен қатар Ескендір тақырыбын жырлаған басқа ақындардың туындыларынан байқауға болады. Солардың бірі Ақыт Үлімжіұлының «Ескендір Зұлқарнайын» поэмасы. С. Қасқабасовтың жіктеуі бойынша поэманы бірінші және екінші топ сюжеттеріне жатқызуға болады. Бірінші жолдарынан-ақ автор:

*«Қисса исламбияда» баян болған,
Құранда да аты бар ұлық жанның
(Навои, Т.7., 1968: 117), –*
деп, Зұлқарнайын бейнесімен Қисса уль-

амбия (Рағбузи жазған нұсқасымен таныс болуы мүмкін) кітабы арқылы таныс болғанын айтады. Абайға қарағанда Ақыт өз кейіпкеріне бейілді қарайды. Сонымен қатар, Ақыт Ескендір туралы қазақ фольклорында кеңінен тараған әпсана-хикаяттарды жақсы білгені де байқалады. Өйткені оның поэмасында 14 жасында патша болған жартылай мифтік, жартылай ертегілік Зұлқарнайын бейнесі көрсетіледі. Ол таққа отырған бірінші күнінен бастап, мың жыл патша болуды мақсат тұтады. Өзінің ұстазы Аристотельдің ақылы бойынша Жаратушыдан Қызырмен кездестіруін жалбарына сұрап, ұзақ тілеуінің соңында мұратына жетіп онымен кездеседі. Алғашқыда Қызыр патшаны өлмес судың қайнарына апарып, су алдырады, алайда ол өзінің аңғалдығының салдарынан торсығын құзғынға талатып, суын төгіп алады. Екінші кезегінде, Қызыр Ніл өзенінің түбінен алып келген ұннан пісірілген нанды тазша балаға жегізіп алады. Бұдан өзге Ескендірдің жанын сақтаудың сыры оның мүйізді екенінің сырында сақтаулы екен деген сәуегейлік айтылған болады. Сыр жария болған күні патша қайтыс болады деген екен. Сол үшін ол үнемі шашын алған шаштараздың басын қоса алғызып отырады. Сөйтіп жүргенде оның шашын алатын кісі қалмай уәзірінің жігіт болып қалған баласына алғызуға тура келеді. Шашын алып болған соң, патша оны өлтіретінін біліп, жалына жылап басына сауға сұрап алады. Жігіттің тым жас екенін көрген Ескендір патша оған рақымшылық жасап, жігіт-баланың уәдесіне сенеді. Есесіне ол елден безіп құз-даланы кезіп кетеді. Алайда, күндердің күнінде оның сыры жария болады да, соны сезген Ескендір ажалының келгенін біліп, өсиет қалдырады. Оның өсиеті бойынша, ол өлген соң оның екі қолы көкке көтерілген күйі қақиып қалады-мыс, ал соның сырын біреу шешкен сәтте ғана қолы түсіп, жерлеу керек деп әмір береді. Поэмада жұмбақ сырдың шешілуін былай жеткізеді:

Иесі құдіреттің Алла күшті?

Жаранлар мұның мәнін шынайы ұқшы.

«Ахыретке дүниеден түк алмайды»,

Деген кезде қолы кеп жанға түсті (Әуезов, 2014: 131).

Сөйтсе осы жұмбақты шешкен баяғы Ніл ұнынан пісірген нанды жеп кеткен Тазша-бала екен. Күндердің күнінде осы Тазша елдің патшасы болып, жұрт оны Лұқман Хәкім деп

таниды. Сонан соң ол елді мың жыл әділетті билеген деседі.

Композиция жағынан аса тартымды құрылған осы туынды алдыңғы қарастырылған авторлар мен олардың туындыларынан мынадай сипаттарымен ерекшеленеді:

Біріншіден, мұнда Ескендір Зұлқарнайынның қолбасшылығы туралы тек жанама түрде ғана сөз етіледі де, оған онша мән беріле қоймайды. Бас қаһарман мәңгі өмір сүріп, патша тағының барлық қызығын көргісі келген жай ғана пенде. Оның әрекеттерінің барлығы мәңгі өмір сүруді ғана көздейді және мәңгі билік құру мотивінің төңірегінде тоғысады.

Екіншіден, поэма новеллалық ертегі құрылымына әлдеқайда жақын болып келеді. Мұнда сол жанрға тән Тазша-бала, шаштараз, Қызыр сияқты қазақ ертегілерінің кейіпкерлері бар. Сонымен қатар қиял-ғажайыптық сипаттағы таңғажайып оқиғалар да орын алады. Оның мысалын уәзір баласының қамыс қураймен сөйлесуінен және өлместің суын ішу оқиғаларынан көруге болады.

Үшіншіден, туынды құрылымында этиологиялық мифтер өрілген. Айталық:

*Өмір суын ішкен соң құзғын да мың,
Жас жасайтын болыпты ғаламатты.
Жасыл арша, самырсын жазы-қысы,
Болғаны да осы бір судың ісі*
(Үлімжіұлы, Т.2, 2011: 132), –

деп жырлауы, бұл туындыны ілгергі туындылардан мүлдем бөлектей түседі.

Төртіншіден, автордың баяндауына қарағанда, ол Ескендір Зұлқарнайын туралы осы сюжет сарынын жақсы білетін, нақты оқырманға бағыттаған. Сонымен қатар, Ақыт туындысында ілгергі ірі шайырлардың ешқайсының туындыларында кездесе қоймайтын оқиғалар баяндалады. Ескендір тақырыбын ашуда осы поэма қызықты құрылған сюжеттік желінің көркем-композициялық шешімімен дараланады. Осы тақырыпта жазылған туындылар қатарын лайықты толықтырады. Ақыт нұсқасы Низами мен Науаи туындыларынан көрі, Абай сияқты, нақты оқырман қауымға жолданып поэма пішінінде жазылған.

Ақыт нұсқасының сюжеті Мағжан Жұмабаевтың Ескендір атты балладасының сюжетіне жақын келеді. Алайда, идеялық мазмұны Абай поэмасымен үндесіп жатыр.

Онда:

*Ертегі ерте күндерде,
Ескендір атты хан болған.
Бесіктен көрге кіргенше,
Көргені қызыл қан болған*
(Жұмабаев, 1989: 83), –

деп, ертегі астарында Ескендірдің жауыз бейнесіне баса назар аудартады. Ол балладада екі-ақ кейіпкер бар, біріншісі – патша да, екіншісі – шаштараз. Туынды шаштараздың дарға асылуымен аяқталады. Ақын пафосы өзінің өмір сүрген заманының келбетін сомдауға бағытталғаны байқалады. Шағын болса да, осы туынды сюжеті ертегілік сюжетке меңзегенімен, бүгінгі күн көкжиегінен қарасаңыз, ақын өмір сүрген тоталитарлық кезеңнің тарихи шындығын әшкерелеу екенін түсінесіз. Ескендір кейіпкерінің астарына – сталиндік жүйенің жаңдайшаптары кейіптелген болса, шаштараз бейнесінде – режим болмысын танып қойған бейжазық құрбандарды сөз етеді. Осы жайт, Ескендір тақырыбының бір сюжеттік желі аясында идеялық мазмұнының өзгеруі, нақты тарихи кезеңнің ақын-жазушыларының алдына қойылған тараптардан туындап отырғанын көрсетеді. Ескендір бейнесін әр ақын өзінің көркем-идеялық мақсаттарына қарай сомдайды. Жалпы қазақ әдебиеті мен фольклорында Ескендір бейнесі жағымды контексте бейнелене қоймайтынын байқаймыз. Қазақ әдебиетіндегі осы үрдіс бойынша Ескендір бейнесін дүниеқұмар, жауыз әрі ашкөз патша ретінде сомдау тенденциясы орын алған.

Фирдоусидің Ескендірі «Шаһнама» тізбегінде баяндалатын тарихи тұлғалардың бірі ретінде жырланып, парсы этносының тарихи жадын жаңғырту мақсатын көздейді. Низами мен Науаи сомдаған Ескендір бейнелерінде рухани дидактикалық жағына көбірек мән беріп, билеуші таптың өкілдеріне бағытталғаны, тарихи-биографиялық мазмұнынан да, көркем-идеялық шешімінен де көрінеді. Билеуші таптар ортағасырлық қоғамның ең сауатты өкілдері болғандықтан, туындылар ең алдымен солардың көркем-эстетикалық талғамын қанағаттандыру үшін жазылып, сол арқылы қоғамды дамытудың прогрессивті идеяларын элитаға сіңіру арқылы даму жолдарын көрген. Әрине, ол көркемдік туынды инварианттарында белгілі канондық принциптерді сақтау арқылы, жазушы ойының

өрісін белгілі дәрежеде тарылтты да. Сондықтан, ортағасырлық шайыр атаулы, ең алдымен билеуші таптардың көңілінен шығатындай аса көркем туынды жазуға ұмтылды. Ал ұлттық әдебиеттер қалыптасу кезеңінде ондай белгілер байқалмайды. Туындылар барша қоғамға бірдей бағытталатын болды. Ұлттық әдебиет кезеңі жазушысының жазу мотиві жекелеген билеуші топқа ғана әсер етуді емес, барша қоғамға тұтастай ықпал жасауды көздей бастады. Осы кезең әдебиеті қоғамда қалыптасқан эстетикалық талғамдарды негізге ала отырып, жаңа эстетикалық негіздер қалыптастыруға қадам жасалып, енді туынды жазылған сәтінен бастап оқырманға жылдам жол табатын болды. Оған әрине ғылыми-техникалық процес те белгілі дәрежеде әсерін тигізді. Енді дәстүр белгілі тақырыптағы туындының жазылуына мейлінше аз ықпал етіп, керісінше, тақырып әдеби дәстүрдің жаңаруына көбірек ықпал ететін болды.

Абайдың ерекшелігі ескілік дәстүрдің дақпыртын емес, оның бойындағы жаңашылдыққа деген ұмтылысын аңғарып, заман тынысын сезе алуында деген ой келеді. Осы жайттарды поэмадағы келесі жағдайлардан байқауға болады.

Біріншіден, Абай таңдаған Ескендір тақырыбына, сюжеттік желілері әртүрлі болып келетін көптеген туындылар жазылды. Бұны әсіресе орта ғасырлық шығыс классикалық әдебиеті үлгілерінен анық байқауға болады. Барлық шарттылықтарды ескерген күннің өзінде, әр автордың Ескендір бейнесіне байланысты әртүрлі көзқарастары бар. Тіпті әр автор туындыларының атаулары да әртүрлі болып келеді. Айталық, Фирдоусиде – Ескендір тек «Шахнаме» (مناش – Shahname) дастанының «Ескендір. Ескендірдің патшалық құруы он төрт жыл жылға созылды» деген бір бөлімі ғана. Низамиде ол «Хамса» туындысының ішінде «Ескендір нама» (مناش – Iskander name) атты ең әйгілі дастаны. Науаи, «Хамсасында» – дастан «Ескендір қамалы» (عزكسانا دس – Iskandariy Saddi) деп аталады. Абайда – «Ескендір» (عزكسانا – Eskendr) поэмасы. Ақытта да «Ескендір Зұлқарнайын» (عزكسانا بن زولقارناين – Eskendr Zulkarnain) туындысы поэма ретінде жазылған. Егер Фирдоусидің «Шахнамасында» Ескендір Иранның көптеген патшаларының бірі болып келсе, Низамиде бұл бейне әлемді ізгілік жолында біріктіруді көздеген әділетті, әрі

данышпан әмірші сомдалып және Хамсасының ішіндегі ең көлемдісі болып келеді. Ілгергілерге қарағанда Науаи дастанындағы Ескендір әлдеқайда шынайы. Ол ешқандай мәңгі өмір мен атақты мақсат тұтпаған, ажалды пенде. Ақыттың Ескендірі керісінше әпсаналық сюжеттің негізінде құрылып, ертегілік кейіпкерлерге жақын болып келеді. Абайда – ол тарихи македондық Ескендір де және Абай осы тақырыпқа деген көзқарасы мүлдем басқаша болып келеді. Онда автор қаһарманын шынайы тарихи тұлға екенін жақсы көрсетеді. Поэма үшін Абай қызықты құрылған нақыл сюжетті таңдап, атақты қолбасшы жүріп өткен жолдың ешқандай қайыры жоқ екеніне баса назар аудартады. Осылай Абай тақырыпқа байланысты өзінің гуманистік негізде құрылған адамгершілік, адалдық, әділеттілік идеяларын жария етіп, өзінің салмақты пікірін білдіреді. Нәзираның негізгі мақсаты, замана ағымына орай қоғам мен адамды ізгілікке баулу, игілікке жеткізу. Қоғам мен адамды дамыту үшін Абай патшаны, элитаны емес, ең алдымен адам баласын рухани дамыту арқылы жүзеге асыруға болатынын айтады.

Екіншіден, нәзира қағидаты тек таңдалған тақырыптың канондық сюжетімен ғана бұлтартпай жүруді көздемейді. Оның рухани мәні тақырып аясында әр ақын-жазушы өзінің шығармашылық мүмкіндігін жаңа идеяларды ұтымды ұсына алу арқылы жаңа мән мен мағынаға ие болу. Пішіні мен мазмұны, сюжеті мен мотиві ілгері жағынан барлық туындылардан Абай поэмасы дара тұрады. Поэма Абайдай үлкен ойшылдың қандай да болсын зорлықшылыққа, ашкөздікке, қанқұмарлыққа, жалпы жауыздық атаулыға қарсы жазылған гуманистік манифест іспетті болып көрінеді.

Туындының канондық мәтініне келер болсақ не Талмудта, не В. Жуковскийдің өлеңінде, Абай енгізген кейіпкерлер мен детальдер жоқ. Айталық, В. Жуковский өлеңінің сюжеті поэманың екінші негізгі бөлігін құрайды, ал соның ішінде әйтеуір беймәлім данышпан, қала емес пейіш, ал Ескендірге келер болсақ ол данышпан нақылынан ешқандай тағлым алмайды, баяғы қалпы соғыс жорығын әрі қарай жалғастырып кетеді. Сонымен қатар, шығыстық сюжеттерде бар Қызыр мен Исрафил сынды кейіпкерлер Абай поэмасында жоқ. Данышпан кейпінде

Аристотель ұсынылады. Аристотель Низами мен Науаи дастандарында бар кейіпкер. Олар да оны Ескендірдің ұстазы ретінде таныстырады. Низами дастанындағы ұқсас сюжетінде зұлматтан әкелген тастың жұмбағын Қызыр шешеді, Абайда болса Аристотель. Абай сюжеті тек үш кейіпкермен ғана шектеледі. Поэмадағы негізгі оқиғасы өтетін мекені ретінде шөл таңдалуы жайшылықтан емес сияқты. Бұл мекен дала кісісіне, қазаққа жақын мекен, ол үшін шөл даладағы кез келген қайнар-көзі өмірдің де бастауы, жанның да сауғасы. Су – дала жұрты үшін қастерлі киеге айналған стихия. Оған тіршіліктің бастауы, өмірдің өзегі ретінде қараған. Малшылықта, су көздеріне ие болу, аса үлкен маңыздылыққа ие. Жұрт су бойына қоныстанып, тіршілік атаулы су жағасында дамып үлкенді-кішілі өркениеттердің іргелері қаланған. Үлкен су бойларында үлкен өркениеттердің іргесі қаланып, ірі қалалар салынды. Дала жұрты, осы қалаларды қалың жұрттың қайнайтын қара қазаны, тіршілік атаулының орталығы, білім алып, дүние рахатын көрудің орны деп қабылдаған. Сонымен қатар, дала жұрты үшін қала атаулы түсініксіз де құбылыс болды.

Поэмадағы Ескендір әскерімен бірге шөлде сусырап қалып, енді су болмағанда өлімші хәлге түскен кісі үшін кездескен ауыз судың өзі керемет. Су олардың жандарын сақтап қалып, жаулаушылық ниетін қуаттандыра түседі. Оның келесі мақсаты су бойымен өрлей көтеріліп, судың бастауында орналасқан жұртты жаулау ғана. Ал Ескендірдің су бастауында тұрған қаланы жаулай алмауы нонсенс. Ілгергі авторлар оны әлемді жаулаған қолбасшы ретінде танытты. Ал поэмада қамалды жауламақ түгілі, «ұлы қолбасшының» сағы да сынып қайтады. Қамал ішінде пейіш жасырылған, ал Ескендірдей ашкөз, қанқұмар жаулаушылар үшін ондай мекенге кіруге тиым салынған. Осы тұстан бастап, поэманың қаһарман бейнесін түсінудегі негізгі идеясы бой көрсетеді, ол, адамзат баласының негізгі соғысы қаланы жаулауда емес, алдымен өзінің тойымсыз нәпсісін жеңуінде екені айтылады. Басқаша айтқанда, қаланы жаулаудан көрі өзінің ауыздықсыз нәпсінді жеңу әлдеқайда қиын іс екені көрсетіледі. Канондық мәтінде әйтеуір бір аңыз ба, әлде әңгіме ме, сол жағы түсініксіз болып келеді. В. Жуковский өлеңін нақыл ретінде жазғанымен туындысының

идеясындағы негізгі ойға үңіле қоймайды. Низами де осы сюжетті шайыңқы баяндайды. В. Жуковскийде де, Низамиде де, Ескендір данышпан шешімін тапқан хикметтен еш тағылым алмайды. Абайда болса, Аристотель көрсеткен хикметтен соң, әлемді қақыратқан қолбасшы бейнесі күрт өзгереді. Ескендір осыған дейін сүрген өмірі бос әурешілік екенін түсініп, тәубесіне келеді. Өз басын ашкөздік пен қанқұмарлыққа бойлатып алған Ескендір, ұстазының арқасында Хақтан келген хикметті түсініп, антогонист қаһарманнан протагонистке айналады. Абай да, осы арқылы Ескендірдей патша өзгергенде, әр пенденің өзгере алатыны, жай пендеге тіпті оңай екенін нақыл етеді.

Үшіншіден, Ескендірге байланысты барлық нәзира топтамаларында үш мотив үнемі бой көрсетіп отырады: біріншісі – «өлмес суды іздеу»; екіншісі – «биік қамалдың кедергі болуы немесе қамалдың өзгеге қарсы тұрғызылуы»; үшіншісі – оның «қос мүйізді болуы». Осы мотивтердің бірі кей авторларда бастапқылыққа ие және туындының лейтмотивіне айналады. Абай поэмасында «өлмес су» мен «қамал» мотивтері бар. Поэмада «өлмес су іздеу» келесі әрекеттерге қозғаушы мотив міндетін атқарады, «қамалдың кедергі болуы» мотиві оның теріс пиғылдағы жаулаушылық соғыс ниетінен бас тартуына себеп болады. «Су» – өмір символы, ал «қамал» болса – ажал символы іспетті. Қамал арқылы Ескендірге ажалды екені және тап осы қалпында пейішке лайықсыз екені хабарланады. Абай өзінен ілгері өткен авторлардан көрі, символдар мен белгілердің әлеміне әлдеқайда терең бойлап, өте қарапайым әрі түсінікті бейнелерді сомдау арқылы, пенде атаулыға нәпсі мен ашкөздік жетегінен арылу еш уақытта кеш емесін естеріне салады.

Салыстырмалы талдау негізінде жасалған ойлар мен тұжырымдар, поэма пішіні, сюжеті, көркемдік шешімі, құралымы жақтарынан алатын болсақ, нәзираның жаңа сипатта дамуын тапқан түрі деп сеніммен қарауға болады. Канондық тақырыпты Абай заман үрдісінің аясында сәтті кейіптей алған. Сонымен қатар, Абай туындысын Фирдоуси, Низами, Науаи, Ақыт, Мағжанақынның туындыларымен салыстыру барысында көркем ойдың даму эволюциясын аңғаруға зор мүмкіндіктер берді. Ескендір бейнесін сомдауда әр кезең



әдебиетінде өздеріне тән айырмашылықтар мен баяндау ерекшеліктері болды. Айталық, әдебиеттегі ұлттық ерекшеліктердің бірі реалистік негіздің бекуімен қатар жүрді. Әсіресе, осы бағыттағы даралықтар, Низами мен В. Жуковский жырлаған мифологиялық сюжеттің Абай көзқарасымен айтарлықтай тағылымдық мәнге ие болып, шығыс авторларына нәзиралық негізде бере алған әйгілі жауап, әрі туындылар қатарының сәтті толығы екенін мойындауымыз керек.

Зерттеу аясында поэма сюжетінің шығу тегі анықталып, оның сюжетіндегі, мотивтері

мен авторлық идеясындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар В. Жуковский, Фирдоуси, Низами, Науаи, А. Үлімжіұлы, М. Жұмабаевтың осы тақырыптағы туындыларымен салыстыру мен салғастыру негізінде талданды. Поэмада анықталған тақырыптық, канондық пен мотивтік нәтижелер нәзира деуге толық негіз береді. Ақын нәзира дәстүрін ұстанып қана қоймай, шығыстық дәстүрге жаңа тыныс беріп, осы арқылы әлем әдеби үрдісіне терең мағына кіргізе алды. Осының барлығы Абайдың неоклассикалық сипаттағы нәзира дәстүрін қалыптастырғанын көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 304 б.
2. Бейбытова К.Д. Традиции Абая в поэзии. – Алматы, 1994. – 336 с.
3. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. – Алматы: Жазушы, 2005. – 336 б.
4. Дюсенбиев И.Т. Проблемы изучения истории казахской литературы дореволюционного периода (XVIII, XIX и начало XX века). Автореф. докт. дисс. – Алма-Ата, 1966.
5. Сильченко М.С. Творческая биография Абая. – Алма-Ата, 1957. – 292 с.
6. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана, Елорда, 2000. – 288 б.
7. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.3. – Астана: Фолиант, 2014. – 424 б.
8. Костюхин Е.А. Александр Македонский в литературной и фольклорной традиции. – Москва: Наука, 1972. – 190 с.
9. Али-заде А.А. Исламский энциклопедический словарь. – М.: Ансар, 2007. – 400 с.
10. Құран Кәрім.
11. Қожамқұлұли-бек Балхи. Тарих-и Қыпшақи Сөзбе-сөз аударған Ю. Пилан. – Алматы: Принт, 2017. 800 б.
12. Библия. Книги священного писания Ветхого и Нового Завета. Канонические. (Синодальный перевод). – С.-Петербург: Синодальная типография, 1907. – 890 с.
13. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Аударма, 2002. – 584 б.
14. Әуезов М. Таңдамалы: қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми еңбектер: монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 509 б.
15. Навои А. Сочинения в десяти томах. Т.7. Стена Искандара. – Ташкент: Изд. «ФАН» Узб. ССР, 1968. – 415 с.
16. Әуезов М. Әдебиет туралы зерттеулер. Оқу хрестоматиясы. – Астана: ПрофиМедия, 2014. – 240 б.
17. Үлімжіұлы Ақыт. Шығармаларының толық жинағы. Екі томдық. – Кония, 2011. – Т.2. – 594 б.
18. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

References

1. Áýezov M. Ádebiet týraly. O literatýre. Oqý quraly. – Almaty: Sanat, 1997. – 304 b.
2. Beibytova K.D. Traditsii Abaya v poezii. – Almaty, 1994. – 336 s.
3. Kunanbayuly A. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq tolyq jınaǵy. T.2. – Almaty: Jazýshy, 2005. – 336 b.
4. Dúsenbiev I.T. Problemy izýchenia istorii kazahskoi literatýry dorevolúcionnogo perioda (XVIII, XIX i nachalo XX veka). Avtoref. dokt. diss. – Alma-Ata, 1966.
5. Silchenko M.S. Tvorcheskaja biografija Abaya. – Alma-Ata, 1957. – 292 s.
6. Kelimbetov N. Kórkemdik dástúr jalǵastyǵy. – Astana, Elorda, 2000. – 288 b.
7. Qasqabasov S. Tańdamaly. T.3. – Astana: Foliant, 2014. – 424 b.
8. Kostúhin E.A. Aleksandr Makedonski v literatúrnoi i fólklornoj traditsii. – Moskva: Naýka, 1972. – 190 s.
9. Ali-zade A.A. Islamski ensiklopedicheski slovar. – M.: Ansar, 2007. – 400 s.
10. Quran Kárim.
11. Qojamqýlulı-bek Balhı. Tarih-i Qypshaqı Sózbe-sóz aýdarǵan Iý. Pılan. – Almaty: Print, 2017. 800 b.
12. Biblia. Knıgı sváshennogo pısania Vethogo i Novogo Zaveta. Kanonicheskie. (Sinodalnyi perevod). – S.-Peterbýrg: Sinodalnaia tipografıa, 1907. – 890 s.
13. Qasqabasov S. Janazyq. Árjylǵy zertteýler. – Almaty: Aýdarma, 2002. – 584 b.
14. Áýezov M. Tańdamaly: qazaq jáne orys tilderindegi ǵylymı eńbekter: monografıa, zertteýler, maqalalar, sózder, baıandamalar, hattar. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1997. – 509 b.
15. Navoi A. Sochinenia v desati tomah. T.7. Stena Iskandara. – Tashkent: Izd. «FAN» Ýzb. SSR, 1968. – 415 s.
16. Áýezov M. Ádebiet týraly zertteýler. Oqý hrestomatiasy. – Astana: ProfiMedia, 2014. – 240 b.
17. Úlimjiuly Aqyt. Shyǵarmalarynyń tolyq jınaǵy. Eki tomdyq. – Konia, 2011. – T.2. – 594 b.
18. Jumabaev M. Shyǵarmalary: Óleńder, poemalar, qara sózder. – Almaty: Jazýshy, 1989. – 448 b.

Карипбаев Ж.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

НЕОКЛАССИЧЕСКАЯ ТРАДИЦИЯ НАЗИРА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА

Говоря о литературных, творческих связях Абая и восточных классиков, Назира стала одной из самых сложных и актуальных тем, не ставших предметом конкретного исследования – ветвью восточных знаков в произведениях Абая. В истории абаяведения об этом говорили только в исследованиях Мухтара Ауэзова. Традиция Назира – это тенденция, связанная с вечными темами, сложившимися в классической восточной литературе. У нее есть как источник (канон), так и канал (инварианты). Великий поэт всесторонне владеет восточным методом написания произведений на традиционную тему-традицией Назире, в определенной степени развивая ее как достойную казахской земли. М. Ауэзов писал о

трех истоках творчества Абая: первый, богатое фольклорное наследие казахского народа; второй, Восточная классическая литература; третий, русская и западная литература. В исследовательской статье подробно рассказывается о проявлении в творчестве великого поэта Восточной классической литературы, в том числе традиции Назире. Научная систематизация традиции Назире в произведениях Абая заключается в том, что Назира в произведениях великого поэта открывает путь к фундаментальному изучению традиции.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, восточная классическая литература, традиция назира, поэма «Искандер».



Karipbaev Zh.

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: zhanzhargan@mail.ru

NEOCLASSICAL NAZIRA TRADITION IN THE WORK OF ABAY KUNANBAYULY

Speaking about the literary and creative ties between Abai and Oriental classics, Nazira has become one of the most complex and relevant topics that have not become the subject of a specific study – a branch of oriental signs in Abai's works. In the history of Abai studies, this was only discussed in the studies of Mukhtar Auezov. The Nazira tradition is a trend associated with eternal themes that have developed in classical Oriental literature. It has both a source (canon) and a channel (invariants). The great poet comprehensively mastered the oriental method of writing works on a traditional theme-the tradition of Nazira, to

a certain extent developing it as worthy of the Kazakh land. M. Auezov wrote about three sources of Abai's creativity: the first, the rich folklore heritage of the Kazakh people; the second, Eastern classical literature; the third, Russian and Western literature. The research article describes in detail the manifestation of Eastern classical literature in the work of the great poet, including the tradition of Nazira. The scientific systematization of the tradition of Nazira in the works of Abai opens the way to the fundamental study of tradition.

Keywords: *Abai Kunanbayev, Oriental classical literature, Nazira tradition, poem «Iskander».*